

**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Шардара аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-н
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері
бойынша II-тоқсанда өткізілген жиналысының**

Х А Т Т А М А С Ы

№2

Шардара қаласы

«09» маусым 2025 ж.

Жиналыс төрағасы: Басшы М. Сейтханов

Хатшылықта: Заңгер М. Сулейменов

Қатысқандар: Шардара аудандық орталық ауруханасының басшы орынбасарлары, бөлімше меңгерушілері мен орта буын қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. **Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы**
(Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпанындағы №802 Жарлығы);
2. **Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;**
(Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414 V- ҚРЗ);
3. **Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі**
(Қазақстан Республикасы президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсанындағы №153 Жарлығы);

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеде 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы түсіндірілді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекітілген. Құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалған. Тұжырымдама зардаптармен күрестен сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды жасауға бағытталғаны айтылып өтті.

Осыған орай тұжырымдаманың негізгі бағыттарын түсіндіру бойынша осы жиын өтіп жатқандығы айтылып, жиын барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа назар аударылғандығы, әлеуметтік зерттеу нәтижелері бойынша парақорлықтың үлкен үлесі тұрмыстық сыбайлас жемқорлықпен байланысты екенін де атап өтіп, халық арасында пара беру жолының азаймағандығы туралы кеңінен сөз қозғап, ерекше тоқталды. Ауруханаға келушілерден ақша бопсалау немесе қандай да бір заңсыз төлемдерді ұсыну

қажет болған жағдайда, еліміздің әрбір азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке колл-орталықтың 1424 телефон нөмірі бойынша жүгініп, өзінің азаматтық борышын орындай алатындықтарын ескертті. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді тетіктерді қалыптастыру бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатқандығын жеткізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселесінде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің талаптарын кеңінен талқыланып, заңнаманың мақсаты мен міндеттері түсіндірілді. Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің құқтары мен міндеттемелері кеңінен түсіндірілді.

Жиналысқа қатысушылардың берген сұрақтары бойынша жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын беру реттілігі мен ақысыз демалысқа шығу тәртібі және жүктілікке және бала тууға босануға байланысты демалыстарды беру тәртіптері түсіндірілді.

Сонымен қатар, түнгі уақыттағы жұмыс пен демалыс, мереке күндері кезекшілікке түскен қызметкерлерге төленетін ақыларды төлеу шарттары туралы мәліметтер берілді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексімен таныстырылды.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды және жалпы қабылданған талаптарды, сондай ақ мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық имиджіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сонымен бірге олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді және мемлекеттік органдарға қоғамдық сенімді нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара іс-қимылдың жоғары мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдебі мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән беріледі себебі, мемлекеттік қызметкер қоғамның айнасы деуге болады. Негізінде, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің мәдениетіне ғана емес, қызметтік міндеттерін орындау мәдениетіне де қойылатын талаптарды белгілейді. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасын бұзу ғана емес сондай-ақ, тәртіптік теріс қылықтары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы заңнаманы бұзудың алдын алу бойынша мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижелері де ескеріледі.

Халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғарғы мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Әр мемлекеттік қызметші әдеп нормаларының бұзылуының жолын кесуге немесе оларды болдырмау жөнінде өзгеде шаралар қабылдауы, қоғамға жат мінез-құлыққа жол бермеуі тиіс. Мемлекеттік қызметшілерден әдеп кодексімен белгіленген талаптарды бұлжытпай сақтап, үнемі орындау талап етілетіндігі айтып түсіндірілді.

Жиналыс соңында, жиынға қатысушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді. Жиынға қатысушылар айтылған ескертпелерді толығымен қолдайтындығын және берілген тапсырмаға сәйкес жұмыс жасайтындықтарын жеткізді.

Жиналыс төрағасы



М.Сейтханов

Хатшы: М. Сулейменов